



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 12/90
23 наурыз



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ РЕСЕЙ ПРЕЗИДЕНТІ ВЛАДИМИР ПУТИНМЕН ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ.

СОСТОЯЛСЯ ТЕЛЕФОННЫЙ РАЗГОВОР КАСЫМ-ЖОМАРТА ТОКАЕВА С ПРЕЗИДЕНТОМ РОССИИ ВЛАДИМИРОМ ПУТИНЫМ

Әңгімелесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Мәскеу облысындағы лаңкестік әрекет салдарынан көптеген адамның қаза табуына байланысты қазақстандықтардың атынан Владимир Путинге және бауырлас Ресей халқына қайғырып көңіл айтты.

Мемлекет басшысы бейбіт тұрғындарға қатысты зорлық-зомбылықты қатаң айыптайтынын, терроризмге қарсы күресте Ресеймен бірге екенін тағы да растады.

Өз кезегінде Владимир Путин қолдау көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

В ходе разговора Президент Касым-Жомарт Тоқаев от имени всех казахстанцев выразил глубокие соболезнования Президенту Владимиру Путину и братскому российскому народу в связи с многочисленными человеческими жертвами в результате теракта в Подмосковье.

Глава нашего государства решительно осудил жестокий акт насилия в отношении мирных граждан и вновь подтвердил солидарность с Россией в вопросах борьбы против терроризма.

В свою очередь Владимир Путин поблагодарил Касым-Жомарта Тоқаева за слова поддержки.

akorda.kz

БҰЗУШЫЛЫҚ ҮШІН ЖАЗАЛАНДЫ

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша Департаментіне Шахтинск қаласының тұрғыны Азаматтарға арналған үкімет Мемлекеттік корпорациясымен жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуден негізсіз бас тартуына қатысты шағымданған болатын.

Тексеру қорытындысы бойынша Департаментпен шағым иесінің жылжымайтын мүлігіне құқықты мемлекеттік тіркеуден негізсіз бас тартқаны анықталды.


Сәйкесінше Департаменттің тікелей араласуымен шағым иесінің жылжымайтын мүлігіне құқықтарды тіркеліп, қызмет алушының бұзылған құқығы

қалпына келтірілді.

Өз кезегінде жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеуде заңдылықты бұзуға жол берген Мемлекеттік корпорацияның бөлім басшысы мен бас маманы тәртіптік жауапкершіліктерге тартылды.

Қызмет алушылардың бұзылған құқықтар мен заңды мүдделерін қалпына келтіру мәселесі Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік қызмет істері департаментінің ерекше бақылауында.

*Қарағанды облысы бойынша
Мемлекеттік қызмет істері
департаменті*



НАКАЗАНЫ ЗА НАРУШЕНИЯ

Житель города Шахтинска Карагандинской области, обратился с жалобой в Департамент Агентства по делам государственной службы по Карагандинской области в отношении Отдела города Шахтинска по земельному кадастру и недвижимости филиала ГК «Правительство для граждан» по Карагандинской области с фактом необоснованного отказа при регистрации прав на недвижимое имущество, что является непосредственно результатом госуслуги.

В свою очередь, Департаментом была назначена внеплановая проверка в отделе по итогам, которой был установлен факт неправомерности действий со стороны сотрудников Отдела, что привело к нарушению

законности.

При содействии Департамента услугополучателю была осуществлена регистрация прав на недвижимое имущество, чем были восстановлены нарушенные права и законные интересы услугополучателя.

А руководитель и главный специалист отдела наказаны за необоснованный отказ в оказании госуслуги.

Вопрос восстановления нарушенных прав и законных интересов находится на особом контроле в Департаменте по делам госслужбы по Карагандинской области.

*Департамент
по делам госслужбы по
Карагандинской области*

«ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ НАУРЫЗ!» (НАУРЫЗ МЕЙРАМЫНА АРНАЛҒАН ІСШАРАДАН РЕПОРТАЖ)



2024-жылғы 21-наурыз таңы арайлап атып, қала тұрғындары асыға күткен Наурыз мейрамын тойлайтын күн келіп жетті. Приозерск қаласының орталық алаңда орналасқан бас сахнасы маңында тігілген киіз үйлер, шатырлар, көпшіліктің түстенуіне арналған үстелдер мен орындықтар, тұрғындар мен мекеме қызметкерлері қолымен жасалған ұлттық нақыштағы қолөнер бұйымдары, көктемнің самал желімен желбіреген түрлі-түсті жалаулар мереке нышанын білдіріп, көздің жауын алады. Сағат 10.00-ге белгіленген мейрамға қала жұртшылығы одан ертерек келіп, биік етіп орнатылған шаңырақтың қасында орналасқан бұйымдарды, киіз үйлерді тамашалауды жөн көргендей. Халықтың көңілі көтеріңкі. Алдыбұрын жарияланған мерекелік шара бағдарламасына сай көптеген спорт түрлерінен өтетін жарыстарды, сахнада шырқалатын концерттік бағдарламаларды көруге асығулы.



Таңертен сағат 9.30-да қала әкімі бастаған, мекеме, кәсіпорын, әскери бөлімдер мен жастар ұйымының басшылары қостаған топ және қала тұрғындары қаламызда алғаш рет ұйымдастырылған «Наурыз керуен» көшіне қатысты. Көшті ақ түйенің үстінде Қыдыр ата мен атты батырларымыз бастап, аузы дуалы ақсақалдарымыз бен жүздері жадыраған әжелерімізбен бірге өнерпаздар және этномәдени бірлестіктердің өкілдері халық әндерін шырқап, 600-ден астам қала тұрғындары ұлттық киімде 2 шақырым жолды жүріп өтті. Ақ жаулықты әжелеріміз шашу шашып, көшті ерекше ықыласпен қарсы алды. Қала әкімі Мансұр Ахметов халықты айтулы мейраммен құттықтады. Сонымен

қатар «Ең дәмді наурыз көже», «Наурызға көрік берген сұлу сән» ұлттық киімдер байқауы, «Үздік киіз үй», «Ұлттық құндылықтар - Ұлт қазынасы» атты көлемді мүсіндер байқаулары ұйымдастырылды.

Әрі қарай қала тұрғындары мерекелік алаңға жоспарланған іс-шараларға бет алды. Бұл кезде бағдарламадағы бокс, күрес сайыстары басталып жатқан болатын. Ауа райының қолайсыздығына қарамастан қала халқы бұл іс-шараға белсене қатысты. Мейрамды тамашалау үшін жиылған халық өздерінің көңіліне ұнаған жарыстарды тамашалап, кейбірі ән-күй, биден шашу шашылып жатқан бас сахнаны жағаласа, кейбірі ұлттық бұйымдар алаңында қыдырыстап жүр. Көш бастап келген батырларға қызыққан қала тұрғындары олардың қасында суретке түсуге таласуда. Қатарласа сап түзеген оюланған киіз үйлер мен шатырлар маңында да кісі қарасы көп.

Қала тұрғындарына түскі ас – наурыз көже, палау, қуырдақ дайындап жүрген аспаздар қауымының осындайдағы еңбектері ерен. Қала кәсіпкерлері тарапынан ауқымды дастарқан дайындалып, түскі қонақтарын күтулі. Тұрғындар үшін, олардың көңілін көтеріп, мейрамды жақсы тойлауына барлық жағдайлары жасалып, мүмкіндіктер қарастырылған. Бұл маңызды шараға қаладағы бүкіл кәсіпорын, мекемелер, ұйымдар, кәсіпкерлер түгел қатысуы – қаламыздағы ұйымшылдықтың, ауызбіршіліктің, қала басшыларының ерен еңбегінің арқасы деуге толық негіз бар! Қала халқы үлкен алаңдағы керемет тойға, ғажап көрініске, спорттық жарыстарға, мол дастарқанға, ең маңыздысы – Ұлыстың

ұлы күніндегі ақ ниетке, шат көңілге, өздеріне деген құрметке куә болды, ризашылықтары мен алғыстарын жаудырды.

Сахнада шырқалған әсем ән, мың бұралған би, күмбірлеген күй мен терме-жырға қаныққан

үйірмесінің жаттықтырушысы Садуахасов Айдар Алибайұлы жеңімпаз атанды. 90 келі салмақ дәрежесінде қалалық мәслихат депутаты, қаламыздың жеке кәсіпкері Айтбаев Қайнар Қайсарұлы чемпиондық белдікке



жұрт түске қарай өздеріне арналып пісірілген наурыз көжеден, палау мен қуырдақтан дәм татысты.

Спорттық жарыстардың барлық түрлерінен жеңіске жеткендерді марапаттау рәсімі кешкі мерекелік бағдарламада жарияланатын болды...

Кешкі алаң жалтылдаған, түрлі-түсті жарықтарымен көз тартса, сахнада шырқалған әндер әуені құлаққа жағымды естіліп, делебені қоздырады. Сән-салтанаты келіскен, жарықтармен безендірілген сахна маңына жиналған жұрттың қарасы қалың болды. «Вдохновение» би тобының орындаған биімен көрермендерін қарсы алған сахнаға бүгін түске дейінгі мерекелік бағдарламада жасөспірімдер арасында бокс жарысының финалы өткендігі жарияланды. Онда жас боксшыларды жеңістерімен

ие болды және «Түйе палуан» ең ауыр салмақ дәрежесінде қаламыздың жеке кәсіпкері Жұмаханов Базархан Мейрамбекұлы топ жарып чемпиондық белдеу табысталды.

Наурыз келсе жан дүние жаңарады, жан-жануар түлеп, ақ молайып, ас көбейеді. Жер бетіндегі тіршілікке жан бітіп, айнала ерекше бір сәнге бөленеді. Олай болса жаңа тіршіліктің белгісі – Наурыз мейрамы баршаңызға құт-береке, молшалық әкелсін. Ұлыстың күні қазан толып, ақ мол болсын! Наурыз мерекесі құтты болсын!

Қазақ жері – қонақжай төрдің жері, Қазақ елі – қас сақтай ердің елі. Толқынында тарихтың қуғын көрген, Барша ұлтқа құт мекен болған еді. Зобалаңды көп шеккен қасіретті, Ұлт ұрпағы өнерлі, қасиетті. Риза көңілменен елге деген,



құттықтап, марапаттары берілді. Жеңімпаздарға ақшалай сертификат, Алғыс хаттары, сыйлықтар мен белдіктер табысталды.

Қазақ күресі бойынша өткен белдесудің жеңімпаздарына да қала әкімінің қаржылай сертификаттары, естелік сыйлықтар және чемпиондық белдіктер табыс етілді. Олар: 74 келі салмаққа дейін, 90 келі салмаққа дейін және Түйе палуан (абсолют) салмақтары бойынша бақ сынады. 74 келі салмақ дәрежесінде қаламыздағы самбо

Арнайды барша халқы ақ тілекті!» - деген ұранмен қаламызға қонақ ретінде және ән-сыйлығымен келген өнерпаздардың өнеріне кезек берілді. Өнерпаздар қала тұрғындарына әсем әндерінен шашу шашты және керемет көңіл-күй сыйлады. Әз-Наурыз мейрамына арналған концерттік бағдарлама соңы жастарға арналған би кешімен жалғасты.

ИСАТАЙ М.

ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ-НАУРЫЗ!

Мінекей, Жер-дүние асыға күткен Әз-Наурыз мерекесі де сағындырып жетіп қалды. Осы орайда көктем айының шырайын келтіретін айтулы мерекенің шығу тарихына аз-кем тоқтала кетейік. Бұны газет оқырмандары, әсіресе өскелің ұрпақтың көкейіне тоқып, біле жүрген абзал!

Шығыс күнтізбесі бойынша ғұмыр кешкен ата-бабаларымыз наурыз айын қыстың толығымен аяқталып, тоқсан біржолата шығатын күнінен бастаған. Яғни, бүгінгі есеп бойынша наурыздың 13-жұлдызында қыс бітіп, 14-і күні наурыз бастау алады. Бұл күнді бір өңірде «амал» десе, батыс аймақтарда «көрісу» күні деп атайды. Бұл дәстүр атамзаманнан бері жалғасын тауып келе жатқан жақсы дәстүр. Ұзақ қыстан мезі болған жұрт жаңбырлатып, соңынан шуақ шашып кіретін осы мезгілде қыс бойғы дидарласпаған ағайын-туыс, жақын-жуықтарының ауылын аралап, бір-біріне қонақшылап барып, құшақ жайысып көріскен. Өздерінің жаңалықтарымен, қуаныштарымен бөліскен. Осы күннен бастау алған мейрам күн мен түннің теңесіетін мезгілі – 21-наурызға дейін толастамаған. Бұл күнді халық «Ұлыстың Ұлы күні», «Әз-Наурыз» деп атап, үлкен тоймен атап өткен.

Ұлыстың ұлы күні! Бұл күні күн мен түн теңеледі. Табиғат та, Жер-Ана да, жан-жануар да түлейді, жаңарады. Адамзаттың бойында қан жүгіріп, тал-теректер бүршік жарады. Қазақтың сайын даласын Қызыр баба кезіп, адам баласына

құт-береке, бақ-дәулет сыйлайды. Самарқанның көк тасы еріп, қасиетті қара жер, қара топырақ бусанады. Ұлы даланың төсінде қызғалдақтар құлпыра өсіп, бел-белестерге қызылды-жасылды кілем төселеді. Ұлан-байтақ Қазақстанның халқы жеті түрлі дәмнен наурыз көже жасап, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды сақтап, ай бойы Ұлыстың Ұлы күнін тойлайды. Бүкіл Шығыс халқына ортақ бұл мейрамда араздасқандар татуласып, дүйім халық, мұқым ел ауызбіршілікте болады. Көктемгі «өліара» өтісімен, ата-бабамыз үй айналасын тазартып, қалың қар тігісі сөгілген жайылымға мал шығарған. «Жаңа жыл мұнтаздай таза үйге кірсе, ол үй ауру-сырқаудан, пәле-жаладан аман болады» деген сенім бойынша, үй-ішін де қағып-сілкіп, отпен аластайды.

Қазақстанда Наурыз мейрамы ресми түрде 1988-жылдан бері тойланып келеді. Дәл сол жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде сырттай оқып жүрген бізге Алматыдағы наурыз мейрамын қала халқымен бірге тойлау нәсіп етті. Біз тұратын аймақта наурыз мерекесін атап өту дәстүрі сол жылдарда да жалғасып келе жатқанымен, Алматы халқы үшін бұл күн ерекше болғандығына куә болдық. Наурыз мейрамын Шығыс елдері – Өзбекстан, Қырғызстан, Ауғанстан, Тәжікстан, Пәкстан ерте кезден өткізеді. Бұл мереке табиғат пен адамның үндестігін көрсетеді. Наурыз күн мен түннің теңелген күні. Көктемгі күн тоғысы наурыз айының 21-нен

22-не ауысқан түні болды. Осы уақыттан бастап күн ұзарып, түн қысқарады. Біздер жасаған ортада наурыздың кіруін айдың 14-жұлдызында қарсы алып, наурыз көже пісіруді сол күннен бастайтын. Бұл халықтың ол бастан есептеп, жөн санаған күні болып саналады.

Наурыз – жыл басы. Парсы тілінде «нау» - «жаңа», «руз» - «күн» деген ұғымдарды білдіреді. Халық наурыз мерекесіне алдын-ала дайындалады. Дәстүр бойынша үйге қос шырақ жағылады, ыдыстар ернеуіне дейін айранмен, сүтпен немесе бұлақ суымен толтырылады. Бұл – тоқшылықтың белгісі. Табиғатпен байланыс күн Анаға деген тағзымнан көрінеді. Бұл күні бұлақтар тазартылып, ағаштар отырғызылған. «Бұлақ көрсең, көзін аш!», «Бір тал ексең, он тал ек!», деген сөз осыдан шыққан болу керек. Наурыз – достық, еңбек, бейбітшілік мерекесі. Ұлыстың ұлы күні адамдар бір-біріне деген ренішін ұмытып өзіне де, өзгеге де жақсылық тілеген. Дастарқанның басты асы наурыз көже болған. Наурыз көже жеті түрлі тағамнан жасалған. «Наурыз көжені тойып ішу керек, сонда жыл бойы тоқшылық болады!» деген сенім бар. Дастарқан басында жастар үлкендердің батасын алған. Бата – үлкендердің өзінен жасы кішілерге беретін ықыласты тілегі. Ақсақалдар: «Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын, қайда барса жол болсын!» - деп бата береді. Бұл жақсы дәстүрдің әлі күнге жалғасып келе жатқаны қуантады.

Дәстүр бойынша Наурыз айтыс өткізіледі. Бұл жақсылық пен жа-

мандықтың, суық пен жылының, жаз бен қыстың айтысында өнерлі жандардың өресі байқалып, көпшіліктің ықыласына бөленеді. Мереке қызған кезде жастар алтыбақан жанында ұлттық ойындар ойнайды. «Көкпар», «Бәйге», «Қыз қуу», «Жамбы ату» ойындары аса бір қуанышпен өтетін. Кеш батысымен «Алтыбақан» құрылып, қыз-бозбаланың думаны басталады. Мүшелден асқан жасөспірімдер мен бозбала-бойжеткендер «Ақсүйек», «Айтабақ» ойындарының көрігін қыздыратын. Ұзаққа созылған қыс бойы бір-бірінен алшақ жүрген жастар жағы түн ауғанда да тарасып кетпей, арнайы тігілген ақ отауға жиылып, басқа да ұлттық ойындарға кіріседі. Ән айтылып, күй шертіледі, өзара айтысып, өздері үшін дайындалған астан ауыз тиеді. Көңілді өткен Наурыз күні әр адамның есінде көпке дейін сақталатын. Жүректер жылуын таратқан көктемнің бақыт сыйы Наурыз көп ұлтты еліміздің бірлесіп тойлайтын – Достық мерекесі.

Ынтымағы жарасқан көп ұлтты еліміздің осы бірлігін Құдай ұзағынан сүйіндіргей! Әрбір шаңыраққа Қыдыр дарып, бақ қонсын! Құтты мекеніміз – Қоржынтүбек тұрғындарына арнайы «құтты болсын»-майтамыз. Ұлыстың Ұлы күні құтты болсын, ағайын!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
ҚР журналистер одағының мүшесі.

ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС XV СЕССИЯСЫ

2024 жылдың 20 наурыз күні VIII шақырылған қалалық мәслихаттың кезектен тыс XV сессиясы өтті. Сессияға жұмысына қала әкімі Ахметов Мансұр Талғатұлы, мекеме басшылары, қоғамдық кеңестің төрағасы мен БАҚ өкілдері қатысты.

Сессияда төмендегі мәселелер қарастырылды:

1. «Приозерск қалалық мәслихатының 2023 жылғы 22

желтоқсандағы № 12/67 «Приозерск қаласының 2024-2026 жылдарға арналған бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы»;

2. Әртүрлі мәселелер. Сессияны қорытындылай келе депутаттар күн тәртібіндегі мәселелерді бірауыздан мақұлдап, шешім қабылдады. Сессия соңында қала әкімі Мансұр Талғатұлы депутаттарға бірлескен жұмыс үшін алғысын білдірді.



20 марта 2024 года прошел XV внеочередная сессия городского маслихата VIII созыва. В работе сессии маслихата приняли участие аким города Ахметов Мансур Талгатович, руководители учреждений, председатель общественного совета и представители СМИ. На сессии были рассмотрены следующие вопросы:

1. О внесении изменений в решение Приозерского городского

маслихата от 22 декабря 2023 года № 12/67 «О бюджете города Приозерск на 2024-2026 годы»;

2. Различные вопросы. Подводя итоги сессии, депутаты единогласно одобрили и приняли решение по вопросам повестки дня. В завершение сессии аким города Мансур Талгатович поблагодарил депутатов за совместную работу.

Приозерск қалалық мәслихаты



ЕЛТАҢБА ӨЗГЕРЕ МЕ?

«Қазақстан жаңа Елтаңбаға бірдей ұқсас рәміздер арасынан біздің төл Елтаңбамызды нақтылап, танып көрсете алды. Ал көбісі ұқсас рәміздер арасынан қанатты тұлпары бар өзіміздің елтаңбамызды емес, құстар мен айдаһар бейнеленген өзге рәміздерді көрсеткен. Қазіргі Елтаңбаға 32 жыл толды. Ол 1992-жылы қабылданған еді. Авторлары – белгілі сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов. Оның орталық геральдикалық элементі – көгілдір түс аясындағы шаңырақ (киіз үйдің жоғарғы күмбез тәрізді бөлігі) бейнесі. Шаңырақты айнала күн сәулесі секілді тараған уықтар шаншылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағына аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде – көлемді бес бұрышты жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «Qazaqstan» деген жазу бар. Жұлдыздың, шаңырақтың, уықтардың, аңыздардағы қанатты пырақтардың бейнесі, сондай-ақ «Qazaqstan» деген жазу – алтын түстес.

Оның алдында «Жаңа адамдар» қозғалысы жүргізген сауалнамадан кейін идеологиялық блок Елтаңбаны жаңалау туралы жабық консультациялар өткізген еді. Шынымен де, көптеген азаматтардың Қазақстан Елтаңбасын танымайтындығы анықталды. Сауалнамаға қатысушылардың 70 пайызы Елтаңбамыздың бейнесіндегі жекелеген элементтерінің мәні мен мағынасын түсінбейтінін көрсетті. Сауалнамаға қатысушылардың 30 пайызы ғана алты

бірдей ұқсас рәміздер арасынан біздің төл Елтаңбамызды нақтылап, танып көрсете алды. Ал көбісі ұқсас рәміздер арасынан қанатты тұлпары бар өзіміздің елтаңбамызды емес, құстар мен айдаһар бейнеленген өзге рәміздерді көрсеткен.

Қазіргі Елтаңбаға 32 жыл толды. Ол 1992-жылы қабылданған еді. Авторлары – белгілі сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов. Оның орталық геральдикалық элементі – көгілдір түс аясындағы шаңырақ (киіз үйдің жоғарғы күмбез тәрізді бөлігі) бейнесі. Шаңырақты айнала күн сәулесі секілді тараған уықтар шаншылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағына аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде – көлемді бес бұрышты жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «Qazaqstan» деген жазу бар. Жұлдыздың, шаңырақтың, уықтардың, аңыздардағы қанатты пырақтардың бейнесі, сондай-ақ «Qazaqstan» деген жазу – алтын түстес.

Әрине, әзірге жаңа Елтаңба нақты қандай болуы керек деген мәселеде ортақ көзқарас жоқ. Сондықтан еліміздің ұлтжанды азаматы, ел болашағына бейтарап қарамайтын тұлға ретінде біздің газеттің оқырманы және қала тұрғыны есебінде сіздер де өз пікірлеріңізді газет арқылы ортаға сала аласыздар, құрметті оқырман!

Н.ЖАЛМАҒАМБЕТ

«СӘУІР БОЛМАЙ, ТӘУІР БОЛМАС»

Көктемнің екінші айының енуіне де санаулы күндер қалды. Халқымыз ежелден сәуір айын «көкек айы» деп атаған. Ал аңшылыққа байланысты сәуірді «Құралай айы» деп атауы бекер емес. Қойшының баласы болғандықтан, осы сөздерді бала кезімізде жиі есітіп өстік және оның мәнін әкемізден сұрастырып отыратынбыз. Жалпы шопандар қауымы сәуір айы келіп, мамырға аяқ басқанша бел шешпей еңбек етіп, босбелбеулік танытпайтын. Себебі табиғат-ананың тосыннан келер әрбір сынағына дайын болып жүретін.

Ел-жұрттың ауызында «Сәуір болмай, тәуір болмас» деген сөз бар. Мұнан басқа ауа-райынан осы мезгілде әлі де жылылық сезіле қоймайтындықтан болар, «Сәуірдің басындағы суық бітпей, жаз шықпайды» дегенді де естігенбіз. Негізінен, көшпелі қазақ халқы шаруасының ыңғайына қарай қыстаудан ай аяқталмайынша көшпеген екен. Бұл сәуірде күннің құбылмалы болатынын, әлде де ызғарлы боран мен қар жауып кететінінен сақтанғандықтан болар. Дегенмен сәуірде жауған жаңбырды өткізіп, оның аяғы көк шығып, әрі ауа райының жылына түсетінін күтіп, табиғаттың әрбір мінезін жақсылыққа болжаған. Бұрынғының адамдары ай атауларын табиғи құбылыстарға байланыстырып атаған. Мәселен, тоқпан, отамалы, отжақпас, арша деп аталатын ай атауларын қазір ешкім қолдана бермейді. Сәуірді «саратан» дейтін қазақтар да қазір некен-саяқ. Ал еліміз Тәуелсіздік алғанға дейін сәуір айын «көкек» деп атағанымыз күні кешегідей есімізде. Мектепте ұстаздарымыз бұлай аталуының себебін көкек атты құспен байланыстыратын. Көктемнің жаршысы ретінде құстың көктемді шақырған үні айға осындай атау берсе керек. Көкек деп аталатын құсты жағымсыз сипатта, өз атын өзі шақыратын құс деп айтылатындықтан, ай атауын сәуірмен ауыстырылуы да бірден-бір себеп болса керек. Қазіргі күнтізбеде сәуір деп аталатын айдың мағынасы араб сөзінен шыққан. Яғни арабша сәуір «өгіз» деген мағынаны білдіреді. Ал «өгіз» жұлдызнама бойынша айдың аты екені белгілі. Көктемде болатын табиғи құбылыстарға келетін болсақ, ежелден ата-бабамыз амал деген сөзді қолданған. Ал амал де-

геніміз – жыл сайын белгілі бір уақытта қайталатып келетін табиғи құбылыс. Ызғарлы аяз, жауын-шашын, боран мұның барлығы – амалдың белгілері.

Жыл бойы ай сайын келетін амалға атау беріп, ауа райын алдын ала болжап, соған орай шаруаларын күйттеген. Наурыз айының соңына таман жауған қарды «өліара» деген. Себебі жауған қар тез еріп, аяғы жаңбырға ұласады. Осы жауған қарды «құсқанаты» деп атаған. Ал наурыз айының ортасында болатын қара суық тым жайсыз болады. Жұлдызшылардың есебінше, жаңа айдың тууы айдың ортасына тұспа-тұс келеді. Сәуір келгенде күн күркірейді. Онан бірер күн өткен соң қайта жаңбыр жауып, қара суық болады. Осы қара суық пен жауын-шашыннан соң ағаштар бүршік жара бастайды. Алғашқы көк шығып, өсімдіктер көктеп, тамыры жайылады.

Ал сәуір айын «құралай» деп атауының да өз себебі бар. Өте киелі санайтын жануардың атымен атау – айдың аяғына таман құралай төлдеп, лақтары жауынға қарсы жүріп, тез қатайып кетеді дейді аңшылар. Осы айда жаңбырдың көп түсуі егін бітік шығып, көк шөп мол болады деп ырымдаған. Жыл сайын сәуір айында бес қонақ амалы өтетінін білеміз. Жауын-шашын әрі суық желден сақтанатын халқымыз осы мезгілге ерекше мән беріп, күтінген. Қанша жерден күн жылынса да, осы бес күндік амал өтпейінше малшылар жайлауға көшпей күткен. Сонымен қатар сәуір айында болатын аспанды тілгілеп өтетін қатты нөсерлі найзағайды «Қызыр қамшысы» деп атаған. Жаздың жайлы күндерінің бастауы ретінде найзағайдан соң жер бусанып, күн көзі нұрын шашады. Қазақ халқы осы амал туралы «Қызырдың қамшысы шартылдады, қыс кетті» деп есептеп, алаңсыз шаруасын дөңгелетуге кіріскен.

Міне, «Сәуір болмай, тәуір болмайдының» ақырын күткен халқымыз айдың соңына дейін табиғат құбылыстарына барынша сақ болып, қыстың ызғарын амалдап шығарып салып отырған. Ата-бабадан қалған осындай ғибраттарды жас ұрпақтың біліп, көңіліне тоқып жүргендері ләзім деген оймен оқырман назарына ұсындық.

Н.ҚЫДЫРМҰРАТУЛЫ

Наследственное дело

После смерти Науменко Владимира Александровича, умершего 28 февраля 2024 года, открыто наследственное дело. Наследники за оформлением своих наследственных прав могут обратиться к нотариусу Актогайского района Кинкентаевой Саягуль Бекмоллаевне, по адресу: село Актогай, ул. Бөкейхана, дом 19. Тел. 8-705-832-83-06

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №12/90, Таралымы:500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі +7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.